

"Атырау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 265 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 250 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 22 қарашада № 5235-06 болып тіркелді

Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Атырау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 265 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4534 болып тіркелген) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында:

44-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"44. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін осы Қағидаларда белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкестігіне құжаттармен ұсынылған өтінімдерді салыстырмалы талдау нәтижелері бар хаттама негізінде Комиссия айқындайды.

келесі мазмұндағы 23-1, 23-2, 44-1 тармақтармен толықтырылсын:

"23-1. Жұмыс органы жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми интернет-ресурсында кәсіпкерлік субъектілерінің конкурсқа қатысуға құжаттары мен өтінімді беруі үшін күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімді көрсете отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында қарыз алуға арналған конкурсқа қатысу мүмкіндігі туралы хабарландыруды орналастырады.

23-2. Барлық келіп түскен өтінімдері жұмыс органымен комиссияның қарауына жіберіледі.

44-1. Жұмыс органы қарау нәтижелері жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырады."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атырау облысының әкімі

С. Шапкенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК